

Ілияс Есенберлин атындағы №67 гимназиясы
Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу туралы ата-аналар жиналысы

Хаттама №1

Күні: 09.09.2022ж.

Қатысушылар: мұғалімдер, қызметкерлер, 1-11 сынып ата-аналары

Күн тәртібі:

1. «Оқушылардың мектепке тыйым салынған заттарды әкелуге және мұғалімдердің, ата-аналардың арасында заңсыз ақша жинауға жол берілмеу жөнінде» - А. Ж. Рахметуллин
директрдың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары

Тыңдалды:

1. Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Асан Жақанұлы жиналысқа қатысушы ата-аналарға 2022-2023 оқу жылының басталуымен құттықтап, оқу жылы басында арнайы шығарылған 01.09.2022ж. №90 бұйрық негізінде оқушылар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстарының жоспарлы түрде құқықтық тәрбие жұмыстарының жүргізіліп отырғаны жайында тоқталды. Мектепке оқушылар қымбат, бағалы заттарды әкелуге тыйым салынатыны туралы түсіндірілді. Гимназияда құқық бұзушылықтың алдын алу менеджері маманы А. Хасенов жұмыс жасайды. «Право» ҚҚ –мен бірлескен меморандум жүргізілген. Заңгер мамандары және психолог мамандарының кеңесі туралы танысып өтетін боласыздар. Заңгер Есімова Ерікқызы: Бала құқығын қорғау жөнінде 18 жас кәмелетке толмағандар туралы олардың ата-аналары мен қорғанышыларының міндеттерімен құқытарын түсіндіріп өтті. Неке және отбасы кодексінде ата-ана міндеті нақты көрсетілген. Ата-ана құқығын теріс пайдаланса, балаға қысым жасалса, психологиялық жағынан ері әсері болғанда ата-ана жауапкершілікке тартылады, айып пұл салынады. Республикалық медиация орталығының директоры **Төренова** Қымбат Аманбайқызы «Медиация –қоғам қажеттілігі» және Сарыарқа ауданы медиация орталығы директоры Мұсырман Ақжүніс Шаяхметқызы

«Мектептің , отбасының және қоғамның психологиялық-педагогикалық өзара әрекеттестігі» тақырыбында дәріс жүргізді.

2. 01.09.2022ж. №94 бұйрығы негізінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтау үшін педагогикалық ұжымдағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес нысандары мен әдістерін жетілдіру мақсатында мұғалімдерге заттай сыйлық жасауға, сынып ата-аналары арасында мектепке, кабинет, т.б. заңсыз ақша жинауға қатаң тыйым салынатыны туралы таныстырылды.

Шешім:

1. Мектепке тыйым салынған заттарды әкелмеу туралы және ата-аналар арасында заңсыз ақша жинауға жол берілмеу туралы сынып жетекшілер мен ата-аналар оқушыларға түсіндірме жұмысын жүргізу.

Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары



Г. Оналбаева

Астана қаласы Ілияс Есенберлин атындағы №67 гимназиясы
Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жайында

Хаттама №2

Күні: 13.11.2022ж.

Қатысушылар: №67 гимназия мұғалімдері және қызметкерлері

Күн тәртібі:

1. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру» - А. Ж. Рахметуллин директрдың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары

Тыңдалды:

А. Ж. Рахметуллин сөз алды: «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті көрсететін құндылықтар жүйесін сақтау және нығайту бойынша өз құзыреті шегінде жүзеге асыратын қызметі» түсініледі. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет – бұл адамның саналы және адамгершілікпен сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру қабілеті. Мектеп ұжымында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті сақтау дегеніміз ол жемқорлыққа қарсы белсенді азаматтық позиция. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет тұлғада құқықтық шеңберде іс-әрекет етуі үшін белгілі бір біліктіліктердің болуын талап етеді, олар: жемқорлықты әлеуметтік зұлым ретінде тани білуі, сыбайлас жемқорлықпен күрес негіздерін және оның қоғам өмірінің кез келген саласында деңгейін төмендету үшін барлық мүмкіндіктерді пайдалана білуі. Мәдениетті ортаны қалыптастыруға осы ұжымның қосар үлесі де бар. Біз қоғамда тұлға тәрбиелеуші маманбыз, осыған орай сыбайластыққа қарсы күресті бірлесе жүргізу міндетіміз болып табылады.

Гимназия директоры Г. Абдраманова сөз алды: гимназияның қабырғасында мектеп ұжымы мен оқушылар және ата-аналар үшін ақпараттық бұрыштар жасалған. «Парасатты азамат», «Адам.Қоғам.Құқық» құқықтық бұрышы, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жадынамасы жасалды. Адалдыққа, сенімділік қарым қатынас орнатуға арналған «Сенім жәшігі» және «Сенім телефоны» желісі жасақталып, ақпарат орнатылды. Сонымен қатар «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубының жұмысы ұйымдастырылып, жоспар бойынша мектеп ғимаратында «Адал ұрпақ» ақпараттық бұрышы бар. 2-қабатта «Адалдық дүкені» жобасы дайындалып қолданысқа берілсе, 2-ші қабаттың фойесінде «Адалдық кітапхана» бұрышы даярланды. 1-11 сынып жетекшілері жоспарға сәйкес «Мектептегі оқушы ережесі» тақырыбында сынып сағаттарын өткізді. Мектеп ұжымы арасында сыбайластыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру әрбір адамның бойынан табылуы керек

Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары  Г. Оналбаева